

**«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы»**  
**Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына толықтырулар енгізу туралы»**  
**Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының жобасы бойынша**  
**САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

Р/с №	Құрылымдық бөлігі	Заңнамалық актінің редакциясы	Жобаның редакциясы	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме	Бас комитеттің шешімі
1	2	3	4	5	6	7
<b>«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» 1995 жылғы 16 қазандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы</b>						
1.	<p>Жобаның 1-бабы 1) тармақшасының екінші абзацы</p> <p>Конституциялық заңның 12-бабы жаңа 4-тармағы</p>	<p>12-бап. Парламенттік тыңдаулар</p> <p>1. Парламент Палаталары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Парламенттік тыңдаулар өткізеді.</p> <p>2. Парламенттік тыңдауларды Палаталар Бюроларының шешімдері бойынша Палаталардың тұрақты комитеттері өткізеді әрі олар ашық және жабық нысанда өткізілуі мүмкін.</p> <p>3. Палаталардың бірлескен немесе бөлек пленарлық отырыстары болатын күндері</p>	<p>1) 12-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:</p> <p><b>«4. Парламенттік оппозицияның Парламент Мәжілісінің Регламентінде айқындалатын тәртіппен күнтізбелік жылда кемінде бір парламенттік тыңдауға бастамашылық жасауға құқығы бар.»;</b></p>	<p>Жобаның 1-бабы 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«4. Парламенттік оппозиция Парламент Мәжілісінің Регламентінде көзделген тәртіппен <b>бір сессия ішінде кемінде бір рет</b> парламенттік тыңдау <b>өткізуге</b> бастама жасауға құқылы.»;</p>	<p><b>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</b></p> <p>Заң техникасы. Парламент өз қызметін сессия тәртібімен жүзеге асырады.</p>	<p><b>Қабылданды</b></p>

		Парламенттік тыңдаулар өткізілмейді. <b>4. Жоқ.</b>				
2.	Жобаның 1-бабы 3) тармақшасының төртінші абзацы  Конституциялық заңның 34-бабы жаңа 2-1-тармағы	34-бап. Республика Парламентіндегі депутаттық бірлестіктер ... <b>2-1. Жоқ.</b>	3) 34-бапта: ... мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын: «2-1. Саяси партиялар <b>фракциясының</b> басшыларына Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарында, Парламент Мәжілісінің жалпы отырыстарында, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, парламенттік тыңдауларда және өзге де іс-шараларда сөз сөйлеу құқығына кепілдік беріледі.»;	Жобаның 1-бабы 3) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: « <b>2-1. Саяси партиялар фракцияларының басшыларына, ал олар болмаған жағдайда не олардың уәкілеттік беруі бойынша саяси партиялар фракцияларының өкілдеріне</b> Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарында, Парламент Мәжілісінің жалпы отырыстарында, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, парламенттік тыңдаулар мен өзге де іс-шараларда сөз сөйлеу құқығына кепілдік беріледі.»;	<b>Депутаттар Б.С. Дүйсенбинов, Г.А. Баймаханова</b> Парламенттік оппозицияға қаралып отырған мәселе бойынша өз ұстанымын білдіру мүмкіндігіне кепілдік беру мақсатында.	<b>Қабылданды</b>
3.	Жобаның 1-бабы 4) тармақшасы-	34-1-бап. Жоқ.	4) мынадай мазмұндағы 34-1-баппен толықтырылсын:	Жобаның 1-бабы 4) тармақшасының үшінші абзацы мынадай	<b>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</b>	<b>Қабылданды</b>

	ның үшінші абзацы  Конституциялық заңның жаңа 34-1-бабының 1-тармағы		«34-1-бап. Парламенттік көпшілік және парламенттік оппозиция 1. Парламенттік көпшілік – Парламент Мәжілісінде ең көп мандат санын алған саяси партия <b>немесе саяси партиялар.</b> ...	редакцияда жазылсын: «1. Парламенттік көпшілік – Парламент Мәжілісінде <b>депутаттық мандаттардың ең көп</b> санын алған саяси партия.»;	«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 97-1-бабының 1 және 2-тармақтарына және Үкіметтің қорытындысына сәйкес келтіру.	
4.	Жобаның 1-бабы 4) тармақшасының төртінші абзацы  Конституциялық заңның жаңа 34-1-бабының 2-тармағы	34-1-бап. Жоқ.	4) мынадай мазмұндағы 34-1-баппен толықтырылсын: «34-1-бап. Парламенттік көпшілік және парламенттік оппозиция ... 2. Парламенттік оппозиция – Парламент Мәжілісінде өкілдік ететін, әдетте, әлеуметтік-экономикалық <b>және</b> қоғамдық-саяси мәселелер бойынша	Жобаның 1-бабы 4) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «2. Парламенттік оппозиция – Парламент Мәжілісінде өкілдік ететін және <b>парламенттік көпшілікке кірмейтін,</b> әдетте, әлеуметтік-экономикалық <b>және (немесе)</b> қоғамдық-саяси мәселелер бойынша парламенттік көпшілікке қарағанда өзге айқындама ұстанатын саяси партия	<b>Депутаттар Б.С. Дүйсенбинов, Г.А. Баймаханова</b>  «Парламенттік оппозиция» ұғымын нақтылау мақсатында. 2010 жылғы 15-16 қазанда Венеция комиссиясының 84-пленарлық отырысында мақұлданған «Демократиялық парламенттегі	<b>Қабылданды</b>

			парламенттік көпшілікке қарағанда өзге позицияны ұстанатын саяси партия немесе саяси партиялар.	немесе саяси партиялар. <b>Парламенттік оппозиция жекелеген мәселелер бойынша парламенттік көпшілік партиясын қолдауы мүмкін.»;</b>	оппозицияның рөлі туралы» Еуропа комиссиясы баяндамасының 11, 24 және 28-тармақтары ескерілді.	
5.	Жобаның 1-бабы 4) тармақшасының бесінші абзацы  Конституциялық заңның жаңа 34-1-бабының 3-тармағы	34-1-бап. Жоқ.	4) мынадай мазмұндағы 34-1-баппен толықтырылсын: «34-1-бап. Парламенттік көпшілік және парламенттік оппозиция ... 3. Парламенттік оппозиция Парламент Мәжілісінің Регламентінде айқындалатын тәртіппен парламенттік сессияда кемінде екі рет парламенттік тыңдауға бастамашылық жасауға және үкімет сағаттарының күн	Жобаның 1-бабы 4) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «3. <b>Парламенттік оппозиция осы Конституциялық заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес парламенттік тыңдаулар өткізуге бастама жасауға, сондай-ақ Парламент Мәжілісінің Регламентінде көзделген тәртіппен бір сессия ішінде кемінде екі рет үкімет сағатының күн тәртібін айқындауға құқылы.».</b>	<b>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</b> 12-бапқа ұсынылып отырған жаңа тармаққа сәйкес келтіру.	<b>Қабылданды</b>

			тәртібін айқындауға құқылы.			
6.	Жобаның 2-бабы	Жоқ	2-бап. Осы Конституциялық заң 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.	2-бап мынадай редакцияда жазылсын: «2-бап. Осы Конституциялық заң 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.».	<b>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</b> Осы заң қолданысқа енгізілгеннен кейін Парламент Мәжілісінің Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігіне байланысты.	<b>Қабылданды</b>

Заң жобасының мәтіні «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес келтірілсін.

**Комитет төрағасы**

**Н. Әбдіров**



*Құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі ат. Машғ Н. Шайытбаев.*